

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2. Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында. (Тарихи-құжаттық зерттеу). – Алматы: Өнер, 2010. – 640 б.
3. Субботин В.Е. Соғыс қалай аяқталған еді. – Алматы: Жазушы, 1972, – 224 б.
4. Жанайбекова А. Ұлы жеңістің ерекше оқиғасы // Отан сақшысы. №22 (4912), 20 мамыр, 2000. – 6 б.
5. Қабышұлы Ғ. Рахаң // Жас Алаш 2010. 12 мамыр № 37, – 5 б.
6. Қошқарбаев Р. Жеңіс жалауы. Естелік. – Алматы, 1978. – 168 б.
7. Ұлы Жеңіс: жаңа көзқарастар және қадамдар – Жеңістің 65-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2010, - 356 б.
8. Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев: Естеліктерді құрастырып, алғы сөзін жазған О.Темірханов. – Алматы: Жібек жолы, 2005 жыл, 216 б.
9. Асанов Б.К., Ким С.Е. Знамя Победы. Запоздалая правда. – Алматы: Агентство «Маматай», 2008. – 136 с.

УДК 961/959 (5Каз)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШИПАГЕРЛІК ӨНЕРІ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Шерахан Айнұр Нұрланқызы

a.sherakhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультеті,

1курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Г.Б. Сугралимова

Қазақтың емдік шипагерлік өнері ежелден бастау алады. Адамның науқасын өсімдік пен жан- жануарлардың нәрімен емдеу тәсілі бағзы заманнан белгілі. Бұл айдай анық шындық кейбіреулердің: «Қазақтың халықтық шипагерлік өнері болмады», - деген сыңаржақ пиғылдарын бүгінде жоққа шығарды. Мақала қазақ халқының шипагерлік өнері: тарихы мен қазіргі жағдайын саралау мақсатында жазылды.

Түйін сөздер: шипагерлік өнер, тарихтың тағылымы, емшілер, медицинаның тарихы, «Шипагерлік баян»

Емшілік дәстүрі – ұлт тарихымен тамырлас, тағдырымен түптес өзіндік орны бар бір сала. Халық шипагерлігі де ұлт қанымен аралас, атадан ұрпаққа берілетін тектік (генетикалық) қасиет. Қилы-қилы замандарда ел заңдарының қаталдығына және ілімі мен ғылымының деңгейіне қарамастан, халық емшілігі ел арасында ашық та, жасырын түрде де дамып отырғаны белгілі. Халық барлық мұқтажын табиғаттан іздеді, жан-жануарлардың әр түрлі мүшелерінен, табиғаттағы минералды сулар мен балшықтардан, мумия т.б. заттардан қалай ем алып, жазылатынын бақылады. Бұл әдісті өздерінше пайдаланды. Дами келе өзіндік халықтық емдеу жүйесінің негізі қаланды. Қара үзген шипагер адам бойындағы қанды: «арам қан», «адал қан», «құтырған қан», «қанды ірің» - деп төрт топқа бөлуімен, оның «Сау денелі адам – ыстық, суық, кейбір – сұйқыл, қатаң – босаң, сіңірім – шығарым, ояу – тыншу сынды он жаралыстық түрден құралып: кеңістік, орын, жарық, қараңғы, ыстық, суық, алты тұғырға тұрақтанады», - деп тұжырымдауы, бұл қазақтың шипагерлігінің ілімдік деңгейі мен ғылыми дамуы бағзы заманнан басталғанын айқындайды. Қазақ даласындағы емшілік өнері жөнінде ұлы ғұламалар - Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн Сина, Жүсіп Баласағұн, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы және т.б. өз еңбектерінде жан-жақты талдап жазып, мәңгілік құнды энциклопедиялық еңбектерін қалдырды.

Қазақ халқының тарихында шипагерлік туралы артына рухани мол мұра қалдырған көптеген дала ғұламалары мен ғалымдар, бақсы-жыраулар мен би-шешендер ғұмыр кешкен. Халқымыздың емшілік дәстүрінің тарихы тереңде, бастауы біртекті емес.

XV ғасырдың ұлы шипагер ғалымы Ө.Тілеуқабылұлы өзінің «Шипагерлік баян» атты энциклопедиялық еңбегін жазды. Бұл шығарма - біріншіден, медициналық әрі көп салалы гуманитарлық ғылымдардың басын біріктіретін энциклопедиялық еңбек, екіншіден, философия және этнопсихология негізінде жазылған. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы өзінен бұрынғы ғұламалардың емшілік турасындағы еңбектерін терең зерттеп, олардың ілімін мойындаған, өзімен үміттес, сырлас ретінде баға бере білгені «Шипагерлік баянында» айқын көрінеді.

Осы кітаптың тарихи, ғылыми мазмұны қазіргі қазақ және шетел ғалымдары тарапынан жоғары баға алуда. Ғұлама шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы білімділігі мен іс- тәжірибесі арқылы медицина ғылымында оннан аса ұлттық және әлемдік деңгейде жаңалықтар ашқаны қазіргі кезде ғана анықтала бастады. Мәселен, тіршіліктің материалдық негізінің диалектикалық заңға бағынуы, шешекке вакцина егудің емдік тәсілі, ми мен қан айналымы қызметі, суық су мен аязда емдеу және т.б. әдіс - тәсілдерін ғылымда Ф. Энгельс, Э. Женнер және П. Иванов ашқан жаңалықтарды олардан екі-үш ғасыр бұрын өмір сүрген ғалым, шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының еңбегінде жазылып іске асырылғаны, қазақ дәстүрлі халық медицинасының ертеден негізі қаланғанын айқындай түседі.

Ғұлама шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» еңбегіне арнайы зерттеу жүргізіп, ғылыми анықтама берген медицина ғылымдарының докторы, профессор Ә. Нұрмұхамбетұлы: «Өтейбойдақ бабамыз қазақ жерінде медицина ғылымына, практикалық денсаулық сақтау істеріне алғаш рет сүре салған үлкен ғалым, дәрігер...», – деп оның еңбегін жоғары бағалады.

Шипагер Өтейбойдақ науқас адамдарға арнап 1050 түрлі шипа ем аты және 4577 шипалық дәрілік емдік тізбесін (*нақтылығы – 13000 - дай екен*) ұсынып, адамның сыртқы және ішкі денесінің анатомиялық -тұлғалық 430-дан аса атауын жазып қалдыруы, біріншіден, қазақ жерінде XV ғасырда-ақ фармакология ілімінің негізі қаланғанын дәлелдейді. Екіншіден, орта ғасырдағы ғұлама шипагердің тұжырымдары мен бүгінгі шипагерлік ғылымның арасында алшақтық жоқтығын айқындайды. Үшіншіден, адам денсаулығын қорғау мен жақсартудың терең ілімдік жетістіктігін өз ұлтының еншісіне қалдыруы - қазақтың шипагерлік өнерінің кешегісі мен болашағына жол салғандығын білдіреді.

Бес жарым ғасырдан кейін халқымен қайта қауышқан, бес мың беттік қолжазбаның тек қана бір мыңдай ғана беті ғана баспадан кітап болып шыққан (*Үрімжі, 1994. араб қарпіндегі*) Ө.Тілеуқабылұлының “Шипагерлік баян” кітабы біздің елде қазақша баспадан шығып (“Жалын”, Алматы, 1996), ғалымдар мен зерттеушілердің назарына бірден ілінді. Оның дәлелі- ғалымның “Шипагерлік баян” кітабының көрші қытай елінде 1997 жылы маусым айында “*І дәрежелі мемлекеттік таңдаулы, ұлттық кітап*” сыйлығына ие болуы, шипагер ілімінің ғылыми маңызын көрсетеді. Ғұлама шипагердің «Шипагерлік баян» еңбегіне алғаш өз пікірін білдірген, Шыңжаң ұйғыр автономиясының зерттеуші – ғалымы Төлеуқан Ыбырайұлы: «*Ұлтымыз тарихында сирек кездесетін, ұлы медициналық еңбек әрі ғылымнама тек шипагерлік жағынан ғана емес, ол халқымыздың тіл, мәдениет, тарих, философия, психология, астрономия, этнография, метеорология, әскери ғылым, этика, эстетика, тағы басқа жақтардан да қыруар білім, мәлімет береді. Өнер білім тарихы ел тарихынан айрылмайды. Ұлтымыз тарихында сирек кездесетін ғылымнама «Шипагерлік баян» да өз дәуірінің жемісі*» - . деп әділ бағасын берді.

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы шипагерліктің осындай ауқымды да өмірлік үлгісін көрсетті және таратты. Ол үшін емшілік – ауруды емдеу ғана емес, рухани тазару. Ал

шипа жазады, дариды, дәру болады. Шипагерлікті ширататын тағы бір шарт бар. Оның арқауы: «Қателіктен сақтан, кемшілікке бола кемеіме. Озбырлыққа берілме, осалдықты үйіріп бапта», - деген өсиетте.

Шипагерлік мәдениеті – адамды сауықтыратын, болашақты болжайтын және дарындылықты қондыратын қабілет-қасиет;

- науқас пендеге тілеулестік ұғымымен қоса жанашырлық таныту;
- жан мен тәннің саулығына, рухтың арлығына жол табу, соған қызмет ету;
- емдеу білімі мен тәжірибесінің озық түрі. Сол негізде ғұлама емделудің дарымалы және болжамалы 24 түрін қатар алып жүреді және жетілдіреді;
- адамның мүшелік жастағы жаратылысын, оның ерекшелігін ұлттық рәсім-салтпен үйлестіреді. Ол елдегі жарғыға жүгінеді, оны мұқият орындайды;
- алдына келген адамды елдің азаматы, ұрпақтың болашағы тұрғысында қабылдап, ерекше ілтипат білдіру;
- ел мен жердің емдік және демдік қасиеттерін табандап жинақтап, оларды өз отандастарының игілігіне бағыштай алу;
- ислам діні тыйым салғандардан аулақ болуды қатаң қадағалау .

Халықтың шипагерлік дәстүрлері мен мәдениетін дамытуда ғұлама шипагер оны ғылыми жағынан дала тәжірибеханасында сынақтан өткізуде өзінің ар-намысына айтылған кекесін сөз бен әрекеттерге мойымайды. Шипагер адамның денінің саулығы мен өмірінің ұзақтығының негізі - *«Қан сөлі мен без сөлі – пенденің тұтас сөлдіңатасы»*, *«Қан сөлі – жан сөлі»* немесе *«Ми - басқарушы»* - деген ілімдерін бүгінгі медицина ғылымы да қуаттайды.Ө. Тілеуқабылұлы адамдар арасында үсікке қатты ұшырағандарды өзінің *“Тұншықтырма”* әдісін пайдаланып емдеген, яғни адам есін жиярда алғаш *“Мұздадым”*, *“Қалшылдадым”*, *“Қызып кеттім”*, *“Терлеп кеттім”*, *“Шөлдеп кеттім”* ақыры *“Терлеп сүмек болдым”* - дегенде ғана, барып құтқару әдістерін тоқтатып сырқатқа киім киіндіріп, сусынға ыстық шай беру арқылы шипагер жеке адамның жағдайы толық қалпына келгенше бақылауға алумен халықтық шипагерліктің емдік жүйесін байыта білді. Ал шипагер өзен суы бар жерлерде *“Малма”* әдісімен үсіген адамды жалаңаштап, мұздан ойылған шұңқырға салып оның жағаласқанына, арпалысқанына қарамай сөзі түзеле бастағанда ғана шұңқырдан шығарып алып, сырқатқа біртіндеп жылы тамақ сосын ыстық тамақ беріп, өзіндік емдеу жүйесін жасаған.Бұл адамның тәнінің әлсіреген қуатын қайтадан тепе-теңдік қалыпқа келтіру арқылы оның өмірін сақтап қалу идеясы болатын. Бұл тәсілдің қаншалықты пайдасы мен зияны барына ол заманда көз жетпегенімен, ұлы шипагердің осы әрекетінің дұрыстығын бүгінгі медицина мойындайды. Осы күні жұрт еліктеп жүрген П.Ивановтың суық сумен емдеу әдісі де қазақтың шипагерінің әдісіне өте жақын екені аңғарылады. Адамның тіршіліктегі өмірін сақтап қалуда шипагер көптеген емдік әдіс-тәсілдерді жүзеге асырды. Оған батыл кірісті. Суға кеткен және есінен танған адамды басын төмен қаратып, екі аяғынан ағашқа іліп қойып ішіндегі суын ағызып, денеде бір тіршілік қимылы сезілгенде ғана адамды жерге түсіріп қозғау, ары-бері аунату, уқалау және жасанды дем беру әдістерін пайдаланып тірілтіп алу жолдарын меңгере білген.Ұлы шипагер өз жанын, тәнін, өмірін басқалардан артық санамады. Ол көбінде ауру адамдарға дәрі-дәрмегін емге ұсынардың алдында кейбіреуін өзі ішіп, денесіне жағып, кейде уланып қала жаздап жүріп шипалық емін жалғастырған.

Еліміз тәуелсіздік алғасын, халқымыздың ұлттық мәдениетінің бір саласына жататын құпиялары әлі толық ашылмаған, тылсым күштердің киелісі саналатын шипагерлік өнерінің өшкен оты қайта жанды. Бүгінде ғұламаның еңбегін ғылыми негізде зерттеу мен оқып-үйрену ісі медициналық және басқа да жоғары оқу орындары, ғылыми мекемелер мен қоғамдық ұйымдарда қолға алынған. *«Шипагерлік баянның»* нағыз ғылымның қайнар бұлағының көзі екеніне ғалымдар мен зерттеушілер өз пікірлерін білдіріп, халықтың ұлттық мақтанышы ретінде қабылдап таныстыруда.

Ғұлама шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы ғасырға жуық ғұмырының соңғы кезеңінде терең ой тізбегімен: *«Менен ұрпақ қалмаса да, күндердің күнінде мені әлемге әйгілейтін «Шипагерлік баяным» артымда қалмақ. Бұл соңғылардың қадірін біліп, ұстана білсе, қанғысыз бұлақ, қадірін білмесе, отбасы аяқпен тоздыратын тулақ»* - дегені қазіргі жастар үшін үлгі өнеге.

Бүгінгі таңда дертіне дауа іздеген қазақтың шетел асатыны үйреншікті жайтқа айналды. Жоғын іздеген азаматтар құлан-таза айығып келіп жатса, оның несі айып. Әрине, шетелде тек қалталы азаматтар ғана емделе алатындығы айтпаса да белгілі. Ал, елде қаншама ата-ананың ауыр науқасқа шалдыққан балаларын шетелде емдетуге қаражаттары болмай, көмек сұрап шырылдап жүргенін күнделікті естіп те, көріп те жүрміз. Осындай қайғылы жайттарды көргенде, неге біз ата-бабалардың аманат еткен емшілік өнері жаңғыртуға құлықсызбыз деген ой еріксіз келеді.

Қарапайым ғана жайлардан бастап айтсақ. Қазақта сынықшы деген емшілер баяғыдан бар. Дәрігерлер қол-аяғы жарақаттанып қалған адамды бірнеше ай бойы емдеп жазады. Күні кешеге дейін кейбір азаматтар сынықшыға барып, жарақатынан құлан-таза айығып кеткенін көзіміз көрген еді. Тіпті, кейбір адамдардың майдаланып сынып кеткен сүйектерін қайтадан орнына салып, оның жымын білдірмей жіберген қолы жеңіл сынықшылар аз болған жоқ. Бір қызығы, қазақтың осы бір сынықшылық өнеріне атағы жер жарып тұрған Қытайдың өзінде оған қызығушылық танытып отырған жайы бар екен. Ондағы дәрігерлер қазақтың сүйек бітістіру жұмысын жоғары бағалайды.

Өкінішке қарай, біз өзіміздің осындай қасиетімізді бағаламай, өзгенің емшілік өнеріне таңғалып, бас шайқап жүрген жайымыз бар. Сондай-ақ, қазақ медицинасының булау өнерін де меңгеріп алғысы келетін азаматтар бар көрінеді. Оған кететін шығын көлемі де көп емес. Өзге жұрт біздің қазақтың еміне осылайша қызығушылық білдіріп жатқанда өзіміз оған селсоқ қарап жүрген жайымыз бар. Осындай қасиетімізді бағалап, оны патенттеп алуды ұмытып жүрген жоқпыз ба?

Сондай-ақ, қазақ даласында емдік өсімдіктердің қаншама түрі бар екенін ғалымдар жиі айтып келеді. «Дәрі- шөптен шығады, дана- көптен шығады» деген нақыл осыған байланысты айтылса керек-ті.

Бүгінгі таңда дүниежүзінде дәрілік өсімдіктерге көңіл бөлуде. Қазір дәрілердің 40 пайызға жуығы табиғи шөптерден жасалады екен. Жер жүзіндегі кейбір мемлекеттер осы бағытта арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Олар жемісті еңбекке қол жеткізуде. Қазақстанда ше? Бұл іспен бірен -саран адамдар ғана айналысып жүр. Ал мемлекет тарапынан ұдайы қолдау көрсетіле бермейді. Тіпті осы мақсатта белсене жұмыс жасайтын арнайы орталықтар да жоқтың қасы. Соның салдарынан шөп дәріге деген халықтың көзқарасы әлі де самарқау. Оны ғылым ретінде зерттеу – өзекті мәселесі.

Қазір қаржысы бар адам көрші Қытайға барып, емделгенді жөн санайды. Дертіне дәру іздейді. Онда барлық қолайлы жағдай жасалған. Сол елдің көптеген қалаларында дәрілік өсімдіктермен емдейтін орталықтар жұмысын қызу жүргізіп жатыр. Жер жүзінің көптеген елінен халық ағылады. Медициналық туризм дамыған. Сондықтан өзінде барды базарлау, жоқты басқадан үйрену -емшілік салада да басты мақсат. Қазіргі медицинаның күре тамыры – халық емі.

Қолданылған әдебиет:

1. Тілеуқабылұлы Ө. «Шипагерлік баян». - Алматы: Жалын, 1996, 19-30 б.
2. Нұрмухамбетұлы Ө. Көненің көзі, дананың сөзі //Жинақ. - Алматы: ҚазМУ, 2000, 80-83 б.
3. Оразақов Е. Қазақ халық медицинасы. – Алматы: Ғылым, 1989, 121-125 б.
4. Бекен Т. Ислам және медицина. - Алматы: Шалкөде, 2000, 51-58 б.
5. Марғұлан Ө. Ежелгі жыр, аңыздар //Ғылыми зерттеу мақалалары. – Алматы: Жазушы, 1985.

6. Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. - Алматы: Қазақстан, 1992,301-309 б.

ӘОЖ 93\94(574)

АЛАШТЫҢ ДАРА ҰЛЫ – ӘЛИХАН

Эрланұлы Дәулет

daulet_erlanov@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тарих факультеті, 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Е.Е Сайлаубай

Заманымызға қазақ үшін өмірін,білімін жұмсап,
ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген
күллі қазақ халқына бірінші дерлік жан басшымыз – Әлихан Бөкейханов.
Міржақып Дулатов

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қоғам және мемлекет қайраткерлерінің арасында аса ерекше тұлға – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов.

Ойға түрткі салып, қазіргі XXI ғасырымыздағы ой талғамы өскен тұлғалардың сана – сезімінен ойып орын алатын абзал азамат, алаш көшбасшысы, ғасырлар ғұламасы Әлихан Нұрмахамедұлы Бөкейхан. Айта келе, халқының қамын ойлай, қуғын – сүргінге ұшырай қиындық көрсе де, талай – талай жетістіктерге жеткен жүз жылда біртуар ұлтымыздың ұлағатты ұлы туралы.

Көрнекті қоғам қайраткері – XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғұлама-ғалым ормантанушы – экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист – міне, ардақты азаматымыздың халқы үшін соңғы демі біткенше атқарып өткен сан қилы қызметінің бұл болар-болмас көрінісі ғана.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан балалық шағынан бастап ерте сауат ашып, Абай, Шортанбай шығарамаларымен жақсы таныс болған. Ол өз өлкесінің тарихы мен жағрафиясын жақсы меңгергендігі белгілі.

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту артық емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз.

Екіншіден, XX ғасырдың басында озық ойлы Европа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалынсыз Ә. Бөкейханов сияқты ірі қайраткердің қалыптасуы, әрине, мүмкін емес-тін [1. 7-8 б]

XIX ғасырдың соңында Ресей империясында саясаттан тыс қалған түпкірді табу қиын болар еді. Ә.Бөкейханов сол өткен ғасырдың 80-ші жылдары империяның шығыстағы ірі саяси орталықтарының бірі Омбы қаласында техникалық училищеде оқыды. Бірақ оның шын мәніндегі үлкен саясаттың не екендігін түсінген кезі, әрине, Санкт – Петербургтегі орман техникалық институтында оқып жүрген жылдарына тұс келеді. Мұнда ол студенттік қызу пікір-таластарға қатысып Ресей жандармериясының бақылауына ілігеді. Ресейдің орталық қалаларында білім алған қазақ зиялыларының саяси белсенділігі студенттік өмірден басталды. Ресейдегі үздіксіз революциялардың алғашқы кезеңінде шақырылған I және II Мемлекеттік Дума және Ә.Бөкейханның «Выборг» манифестіне үн қосуы, кадеттер партиясындағы қызметі, ұлттық «Алаш»